

"Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 ақпандағы № 76 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасының Заңы Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісімді ратификациялау туралы

2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісім ратификациялансын.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

**Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

1995 жылғы 6 қаңтардағы Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасы арасындағы Кеден одағы туралы келісімді, 1995 жылғы 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімді, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартты, 2010 жылғы «9» желтоқсандағы Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді, 2010 жылғы «9» желтоқсандағы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы келісімді негізге ала отырып, өзара тиімді экономикалық

қатынастарды одан әрі дамытуға жәрдемдесе отырып,
Тараптар мемлекеттерінің темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді
қамтамасыз ету қажеттігін және осы қызметтерге арналған тарифтерді мемлекеттік
реттеуге келісілген тәсілдерді тани отырып,
Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде көлік қызметтерінің жалпы нарығын
қ а л ы п т а с т ы р у м а қ с а т ы н д а ,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімнің мақсаттары

О с ы К е л і с і м н і ң м а қ с а т т а р ы :

Әрбір Тарап мемлекетінің аумағы арқылы тасымалдарды жүзеге асыру кезінде
темір жол көлігінің қызметтеріне Тараптар мемлекеттері тұтынушыларының
қолайлылығы осы әрбір Тарап мемлекетінің тұтынушылары үшін жасалған жағдайдан
кем емес жағдайда қол жеткізуін қамтамасыз ету;
темір жол көлігі қызметтерін тұтынушылар мен Тараптардың темір жол көлігі
ұйымдары арасында экономикалық мүдделер теңгерімін сақтау;
бір Тарап мемлекетінің темір жол көлігі ұйымдарының екінші Тарап мемлекетінің
темір жол көлігі қызметтерінің ішкі нарығына қол жеткізуі үшін жағдайды қамтамасыз
ету болып табылады.

2-бап

Келісімде пайдаланылатын ұғымдардың анықтамалары

Осы Келісімде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

«темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізу» - бір Тарап мемлекетінің темір жол
көлігі ұйымдарының екінші Тарап мемлекетінің тұтынушыларына қолайлылығы
бірінші Тарап мемлекетінің тұтынушыларына көрсетілетін ұқсас қызметтерден кем
емес жағдайда қызметтер көрсетуі;

«темір жол көлігі қызметтері» - осы Келісімге қосымшада көрсетілген
тұтынушыларға темір жол көлігі ұйымдары көрсететін (орындайтын) қызметтер (**ж ұ м ы с т а р**) ;

«темір жол көлігі ұйымы» - Тарап мемлекетінің тұтынушыларға темір жол көлігі
қызметтерін көрсететін заңды немесе жеке тұлғасы;

«тұтынушы» - Тарап мемлекетінің темір жол көлігі қызметтерін пайдаланатын
немесе пайдалануға ниеттенген заңды немесе жеке тұлғасы;

«темір жол көлігі қызметтеріне арналған тариф» - темір жол көлігінің қызметтері
қ ұ н ы н ы ң а қ ш а л а й м ә н і ;

«тасымалдаушы» - жүктерді, жолаушыларды, багажды, жүкбагажын және пошта

жөнелтімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, тиісті лицензиясы бар, меншік құқығында не өзге заңды негізде тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, жылжымалы құрамға ие темір жол көлігі ұйымы;

«инфрақұрылым» - магистралдық және станциялық жолдарды, сондай-ақ электрмен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілерін, құрылғыларды, жабдықты, ғимараттарды, құрылыстарды, имараттарды және оның жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге объектілерді қамтитын темір жол көлігінің инфрақұрылымы;

«инфрақұрылым қызметтері» - тасымалдарды және осы Келісімнің 5-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленетін құжаттарда көрсетілген басқа қызметтерді жүзеге асыру үшін инфрақұрылымды пайдаланумен байланысты қызметтер;

«айрықша тарифтер» - темір жол көлігінің жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтеріне осы Келісімге және Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына сәйкес аталған қызметтерге арналған тарифтерге уақытша коэффициентті немесе арнайы ставкаларды қолдану арқылы белгіленетін тарифтер.

Осы Келісімде пайдаланылатын басқа ұғымдар 2010 жылғы «9» желтоқсандағы Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидалары мен қағидалары туралы келісімде көрсетілген мағынада пайдаланылады.

3-бап

Келісімнің қолданылу саласы

1. Осы Келісім темір жол қызметтеріне қатысты Тараптардың темір жол көлігі ұйымдары, тұтынушылары, мемлекеттік басқару органдары арасындағы қатынасқа қолданылады.

2. Осы Келісімнің ережелері Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

3. Осы Келісімдегі ештеңе де осы Келісімнен туындайтын қағидаларды және/немесе артықшылықтарды осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын үшінші мемлекеттерге немесе мұндай үшінші мемлекеттердің шаруашылық жүргізуші субъектілеріне, олардың тауарларына немесе қызметтеріне қолдануды Тараптардың бірін міндеттеуші ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

4-бап

Темір жол көлігі қызметтеріне тұтынушылардың қол жеткізуі

Темір жол көлігі ұйымдары тұтынушының Тараптың сол немесе өзге мемлекетіне тиістілігіне, оның ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, осы Келісімнің 5-бабының және 2010 жылғы «9» желтоқсандағы Бәсекелестіктің бірыңғай қағидаттары

мен қағидалары туралы келісімнің ережелерін ескере отырып, оның темір жол көлігі қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

5-бап

Инфрақұрылым қызметтеріне тасымалдаушының қол жеткізуін қамтамасыз ету

1. Тараптар 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап мынадай:
Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасында белгіленген тасымалдаушыларға қойылатын талаптардың теңдігі;
тасымалдаушылардың өздері пайдаланатын жылжымалы темір жол құрамының тиісті техникалық жай-күйін қамтамасыз етуі;
техникалық және технологиялық мүмкіндіктерді негізге ала отырып, инфрақұрылымның өткізу қабілеті шегінде инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізуді ұ с ы н у ;

инфрақұрылым қызметтері саласында тасымалдаушыларға қатысты бірыңғай баға (т а р и ф т і к) с а я с а т ы н жү р г і з у ;

инфрақұрылым қызметтерінің тізбесі, оларды орындау тәртібі, осы қызметтер үшін тарифтер, төлемақы мен алымдар туралы ақпараттың темір жол көлігіндегі тасымалдау процесіне қатысушылардың барлығы үшін қол жетімділігі қағидаттарын сақтай отырып, Тараптар мемлекеттері тасымалдаушыларының инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

2. Тараптар 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізу қағидасын инфрақұрылым қызметтерін көрсету қағидасын белгілейтін, осындай қызметтер тізбесін, диспетчерлеудің және инфрақұрылымның өткізу қабілетін бөлудің бірыңғай қағидаттарын, инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізуді ұсынудың басымдығын айқындаудың бірыңғай қағидаттарын, инфрақұрылым қызметтерін көрсетуге арналған шарттардың лицензиялау мәселелерін реттейтін елеулі талаптарын қамтитын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері тасымалдаушыларының инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін қажетті өзге де ережелерді қамтитын құжаттарды ә з і р л е й д і ж әне қ а б ы л д а й д ы .

3. Тараптардың әрқайсысы осы баптың 1-тармағына сәйкес инфрақұрылым қызметтеріне тасымалдаушылардың қол жеткізуін қамтамасыз етуге байланысты іс-шараларды аяқтағанға дейін бір Тарап тасымалдаушыларының екінші Тараптың инфрақұрылым қызметтеріне қол жеткізуі тиісті келісімдер негізінде өзара негізде ұсынылуы мүмкін.

6-бап

Тарифтік саясат

1. Темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтер және (немесе) олардың шекті деңгейі Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына және халықаралық шарттарға сәйкес тарифтерді, оның ішінде жүктердің түрлері, вагондардың түрлері мен тиістілігі бойынша, тасымалдау қашықтығына, вагондардың жүктелу дәрежесіне байланысты саралау мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, мынадай:

тікелей темір жол көлігінің көрсетілетін қызметтеріне жататын экономикалық негізделген шығындарды өтеу;

инфрақұрылымның дамуын қамтамасыз ету;

темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтердің транспаренттілігін, экономикалық жағдай күрт өзгерген кезде Тараптарға алдын ала хабарлай отырып, осындай тарифтерді және (немесе) олардың шекті деңгейін қосымша қайта қарау мүмкіндігін қамтамасыз ету;

темір жол көлігі қызметтеріне тарифтерді белгілеу туралы шешімдер қабылдаудың жариялылығын және ашықтығын қамтамасыз ету;

жүктер номенклатурасын және темір жол көлігі қызметтеріне тарифтерді белгілеу қағидасын айқындауға үйлестірілген тәсілді қолдану;

Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына сәйкес Тараптардың әрбір мемлекетінде темір жол көлігі қызметтеріне тариф валютасын айқындау қағидаттары сақтала отырып белгіленеді.

2. Темір жол көлігі ұйымдары өз Тарапы мемлекетінің аумағында осы Келісімнің ережелерін ескере отырып, өз Тарапы мемлекетінің заңнамасына сәйкес белгіленген темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтерді қолданады.

3. Тараптар 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін өз Тарапы мемлекетінің аумағы арқылы жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтерді қатынас түрлері (жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне арналған экспорттық, импорттық және мемлекетішілік тарифтер) бойынша біріздендіреді.

4. Тараптар мемлекеттерінің темір жол көлігінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, темір жол көлігімен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау, бұрын темір жол көлігімен жүзеге асырылмаған жаңа жүк ағындарын тарту, темір жол арқылы жүктерді тасымалдаудың тартылмаған немесе аз тартылған маршруттарды пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету, Тараптар мемлекеттерінің темір жолдары арқылы жүктерді тасымалдау көлемінің өсуін ынталандыру, жаңа техника мен технологияларды енгізуді ынталандыру мақсатында 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап темір жол көлігі ұйымдарына экономикалық орындылығын негізге ала отырып, жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары белгілеген баға шегінде өзгерту туралы шешімдер қабылдау құқығы беріледі.

5. Темір жол көлігі ұйымдары жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі

қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін өзгерту бойынша өздеріне берілген құқықты Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары бекітетін, негізгі қағидат ретінде Тараптар мемлекеттерінің нақты тауар өндірушілері үшін артықшылықтар тудыруға жол бермеуді көздейтін әдіснамаға сәйкес баға шегі аясында іске асырады.

6. Жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін өзгерту туралы шешім күшіне енгенге дейін 10 күннен кешіктірілмей, ол Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына сәйкес ресми жариялануға, Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдарына және Кеден одағы комиссиясына таратылуға жатады.

7. Егер темір жол көлігі ұйымдарының жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне арналған тарифтер деңгейін өзгерту жөніндегі іс-қимылдарымен тұтынушылардың құқықтары мен мүдделері бұзылса, тұтынушылар аумағында тұтынушы орналасқан немесе тұратын Тарап мемлекетінің монополияға қарсы ұлттық органына өзінің бұзылған құқықтары мен мүдделерін қорғау туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.

Егер аумағында тұтынушы орналасқан немесе тұратын Тарап мемлекетінің монополияға қарсы ұлттық органы тұтынушының өтінішін қарау кезінде тұтынушы талаптарының негізділігін таныған жағдайда, ол Кеден одағының комиссиясына тұтынушының көрсетілген өтінішін қоса беріп, тексеру жүргізу туралы өтініш жібереді.

Кеден одағының комиссиясы аумағында тұтынушы орналасқан немесе тұратын Тарап мемлекетінің монополияға қарсы ұлттық органының өтініші негізінде тұтынушының өтінішін осы баптың 9-тармағында көрсетілген қағидаларға сәйкес қарайды және қарау нәтижелері бойынша темір жол көлігі ұйымының жүктерді тасымалдау жөніндегі темір жол көлігі қызметтеріне тарифтер деңгейін Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары бекітетін әдіснамаға сәйкес белгіленген баға шегі аясында өзгерту туралы шешімінің күшін тоқтата тұруға немесе жоюға құқылы, сондай-ақ егер тексеру барысында әдіснаманың осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін Тараптар мемлекеттерінің темір жолдарында Тараптар мемлекеттері әрқайсысының заңнамасына сәйкес белгіленген айрықша тарифтер қолданылады.

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары тауар өндірушілерге өзге нысанда қолдау көрсету мүмкін болмаған жағдайда, Кеден одағы комиссиясымен келісім бойынша белгілі жүктерді тасымалдаудың жекеленген бағыттары үшін айрықша тарифтерді белгілей алады.

9. 2012 жылғы 1 шілдеге дейін Тараптар айрықша тарифтерді ұсыну тәртібін белгілейтін айрықша тарифтерді белгілеудің бірыңғай қағидасын және

Тараптар мемлекеттерінің тауар өндірушілері үшін айрықша тарифтерді белгілеу қажеттілігін негіздейтін қажетті материалдардың тізбесін, сондай-ақ осы баптың 7-тармағына сәйкес Кеден одағы комиссиясының тұтынушылардың өтініштерін қарау қағидасын әзірлейді және қабылдайды.

7-бап

Транзит

1. Тараптар үшінші елдерден үшінші елдерге жүктерді тасымалдау кезінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары кеңесінің 1996 жылғы 18 қазандағы шешімімен келісілген Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігінде келісілген тарифтік саясатты белгілеу тұжырымдамасына сәйкес Тараптар мемлекеттерінің темір жолдары бойынша транзитпен жүктерді тасымалдауға қатысты үйлестірілген және келісілген тарифтік саясатты жүргізеді.

2. 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап бір Тарап мемлекетінің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы үшінші елдерге және кері бағытта темір жол көлігімен жүктерді транзитпен тасымалдау кезінде, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері арасында екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы темір жол көлігімен жүктерді транзитпен тасымалдау кезінде Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің 6-бабының 3-тармағында көзделген осы әрбір Тараптың біріздендірілген тарифін қолданады.

8-бап

Келісімді іске асыру

1. Тараптар осы Келісімді іске асыруға жауапты Тараптардың уәкілетті органдарын тағайындайды.

2. Тараптар осы Келісім күшіне енген күннен бастап 30 күннен кешіктірмей өздерінің уәкілетті органдарының тағайындалғаны және ресми атауы туралы бір-біріне және Кеден одағының комиссиясына хабарлайды.

3. Осы Келісімді іске асыру жөніндегі жұмыстың нәтижесін Тараптардың уәкілетті органдарымен келісім бойынша Кеден одағының комиссиясы ЕурАзЭҚ-тың халықаралық кеңесінің (Кеден одағының жоғары органының) қарауына ұсынады.

4. Кеден одағының комиссиясына осы Келісімнің орындалуын бақылау жөніндегі өкілеттіктер беріледі.

9-бап

Дауларды шешу

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер арқылы, оның ішінде Кеден

одағы комиссиясының қатысуымен шешіледі, ал осындай консультациялар немесе келіссөздер басталғаннан бастап алты ай ішінде келісімге кол жетпеген жағдайда, мүдделі Тараптардың кез келгені оларды Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың С о т ы н а б е р е д і .

Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Сотына жүгінген Тарап бұл туралы басқа мүдделі Тараптарды өтініш берілген сәттен бастап 30 күннен кешіктірмей хабардар етуі тиіс.

10-бап

Келісімге өзгерістер енгізу

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге Хаттамамен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

11-бап

Келісімнің күшіне ену, Келісімге қосылу және одан шығу тәртібі

Осы Келісімнің күшіне ену, оған қосылу және одан шығу тәртібі 2007 жылғы 6 қазандағы Кеден одағының шарттық-құқықтық базасын қалыптастыруға бағытталған халықаралық шарттардың күшіне ену, олардан шығу және оларға қосылу тәртібі туралы хаттамамен белгіленеді.

2010 жылғы «9» желтоқсанда Мәскеу қаласында бір түпнұсқа данада орыс тілінде ж а с а л д ы .

Осы Келісімнің түпнұсқа данасы оның депозитарийі болып табылатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінде сақталады.

Түпнұсқа дананың көшірмелерін Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитеті растайды және әрбір Тарапқа жібереді.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Ресей</i>	
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>	
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
Тарифтік	саясат	негіздерін	қоса
алғанда,	темір	жол	көлігінің
қызметтеріне	қол	жеткізуді	
реттеу	туралы	келісімге	
қосымша			

Темір жол көлігі қызметтерінің (жұмыстарының)

ТІЗБЕСІ

1. Жүктерді тасымалдау және жүктерді (оның ішінде бос жылжымалы құрамды) тасымалдауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға байланысты қосымша қызметтер (ж ұ м ы с т а р) .

2. Жолаушыларды, багажды, жүкбагажын тасымалдау және жолаушыларды, багажды, жүкбагажын тасымалдауға байланысты қосымша қызметтер (жұмыстар).

3. Инфрақұрылым қызметтері.

Осы мәтін 2010 жылғы 9 желтоқсанда Мәскеу қаласында Тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда, темір жол көлігінің қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісімнің расталған көшірмесінің мәтіні түпнұсқасымен бірдей екендігін куәландырамын.

*Құжаттамалық қамтамасыз ету
және мемлекеттік тілді дамыту
департаментінің директоры Е. Маличева*

2010 жылғы 9 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында қол қойылған Тариф саясатын қоса алғанда, теміржол көлігі саласындағы табиғи монополиялардың қызметтеріне қол жеткізуді реттеу туралы келісімнің куәландырылған көшірмесінің куәландырылған көшірмесі екендігін растаймын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
С ы р т қ ы і с т е р м и н и с т р л і г і
Халықаралық құқық департаментінің
Басқарма бастығы Б. Пискорский*